«Қазақстанда Халықаралық суды бағалау орталығының қызметін қамтамасыз ету»

Бағдарлама: *254 «Су ресурстарын тиімді басқару»*	Жұмыстың толық құны:	133 878 051,78 тг.
Ішкі бағдарлама: *105 «Көршілес мемлекеттермен су қатынастарын реттеу, шекараралық суларды тиімді пайдалану және қорғау мәселелері бойынша ынтымақтастықты ұйымдастыру»*	2022 жылға арналған қаржыландыру лимиті:	49 893 000, 00 тг.
Ерекшелігі: *156 «Консультациялық қызметтер үшін төлем»*	Орындалған жұмыстың, оның ішінде осы акт бойынша жұмыстардың құны:	
Мердігер: «Халықаралық Аралды құтқару қорының Қазақстан Республикасындағы атқарушы дирекциясы» қоғамдық қоры	а) жылдың басынан:	3 345 500,00 тг
	б) есептік ай бойынша:	3 345 500,00 тг

АННОТАЦИЯЛЫҚ ЕСЕП

2022 жылғы қаңтар айы бойынша

2022 жылғы 26 қаңтардағы № 3 қосымша келісім бойынша
25.06.2020 ж. № 83 мемлекеттік сатып алу туралы шартына сәйкес

Әзірлеуші:
«Халықаралық Аралды құтқару қорының
Қазақстан Республикасындағы
атқарушы дирекциясы» қоғамдық қоры
Директор
Бекнияз Б.К.

2022 жылғы 21 қаңтар

Алматы қ.

Халықаралық Арал теңізін құтқару қорының Қазақстан Республикасындағы Атқарушы дирекциясы» қоғамдық қорының «Халықаралық суды бағалау орталығы» филиалының аннотациялық есебі

<u>2022 жылғы қаңтар айына</u>

Халықаралық суды бағалау орталығының (*бұдан әрі – ХСБО*) 2022 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес есепті айда мынадай іс–шаралар орындалды.

1. «Төтенше жағдайлар кезінде Сырдария өзенінің ластануының алдын алу және оған ден қою жөніндегі бірлескен шараларды әзірлеу» жобасын орындау

Есепті кезеңде ХСБО «Төтенше жағдайлар кезінде Сырдария өзенінің ластануының алдын алу және оған ден қою жөніндегі бірлескен шараларды әзірлеу» жобасының (*бұдан әрі-жоба*) 1 – кезеңін орындау үшін халықаралық консультантты тарту бойынша жұмыс жүргізді. БҰҰ ЕЭК-пен консультацияларда халықаралық консультанттың кандидатурасы іріктеліп алынды, егжей-тегжейлі техникалық тапсырма әзірленді, қоса беріліп отыр. *1-қосымша - Халықаралық консультанттың техникалық тапсырмасы.*

Жоба бойынша ұлттық сарапшылар тобының жұмысы жалғасуда. 2021 жылғы 21 желтоқсанда өткен кіріспе кеңестің қорытындылары бойынша сарапшылар елдік есептерді ұсыну мерзімдері мен құрылымы бойынша жалпы тәсілдерді келісті, деп қоса беріліп отыр. *2 – қосымша-жоба іс-шараларын орындау жөніндегі жол картасы. 3 – қосымша-жоба бойынша елдік есептердің құрылымы.* Сарапшылар сондай-ақ аралық нәтижелерді талқылау үшін 2022 жылғы 10 қаңтарда кездесуге уағдаласты, алайда бұл кездесу Қазақстандағы белгілі оқиғаларға байланысты кейінге қалдырылды.

Сарапшылардың екінші жұмыс кездесуі 2022 жылғы 19 қаңтарда онлайн режимінде өтті. Кеңеске жағалаудағы төрт елдің ұлттық сарапшылары, Өнеркәсіптік авариялар жөніндегі БҰҰ ЕЭК конвенциясы Хатшылығының және Трансшекаралық су ағындары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану туралы конвенцияның (*бұдан әрі – Трансшекаралық сулар жөніндегі конвенция немесе Конвенция*) өкілдері қатысты. Кеңесте сарапшылар жиналған ақпаратпен бөлісіп, жобаның іс-шараларын орындау бойынша алдағы іс-қимылдарды анықтады. Кеңестің күн тәртібі қоса беріледі. *4-қосымша - сарапшылардың 2022 жылғы 19 қаңтардағы жұмыс кеңесінің күн тәртібі.* Кеңесте Сырдария өзенінің авариялық ластану қаупі бар объектілері туралы ұлттық сарапшылардың баяндамалары тыңдалды. *5-қосымша - ұлттық сарапшылардың презентациялар.*

2022 жылғы 24 қаңтарда Өнеркәсіптік авариялар жөніндегі конвенция Хатшылығы өкілдерінің және БҰҰ ЕЭК консультантының қатысуымен төтенше жағдайлар жөніндегі ұлттық сарапшылардың жұмыс кеңесі өтті. Кеңесте қалдық қоймаларының қауіпсіздігін бағалау бойынша шаблонды толтырудың жаңа әдіснамасы бойынша түсініктемелер берілді.

2. Жұмыс бағдарламасы бойынша ХСБО-ның жобалық ұсыныстар пакетін жасау және оларды орындауға арналған қаржыландыруды іздеу

ХСБО-ның 2022-2024 жылдарға арналған жұмыс бағдарламасын орындау мақсатында Трансшекаралық сулар жөніндегі конвенция хатшылығымен және SYKE Фин қоршаған ортаны қорғау институтымен консультациялар өткізілді, олардың қорытындылары бойынша трансшекаралық контексте су ресурстарын бөлу практикасын тарату жөнінде бірлескен жұмыс туралы уағдаластыққа келді. ХСБО осы уағдаластығы бойынша трансшекаралық мәнмәтінде суды бөлу бойынша БҰҰ ЕЭК басшылығын қолдану бойынша өңірлік семинар өткізу туралы ұсыныс әзірленді, қоса беріліп отыр. *6-қосымша – «Трансшекаралық контексте су ресурстарын бөлу жөніндегі нұсқауды қолдану» өңірлік семинары бойынша ұсыныс.* Алдын-ала келісімге сәйкес, семинар SYKE Фин қоршаған ортаны қорғау институтының қолдауымен 2022 жылы Алматы қаласында өтеді.

Сондай-ақ, Еуропадағы қауіпсіздік және Ынтымақтастық ұйымымен (ЕҚЫҰ) келіссөздер жалғасты. Министрліктің сұранысына сәйкес ХСБО-ның Жайық өзені үшін бірлескен деректер базасын құру бойынша дайындық жұмыстарын орындауға қаражат тарту мәселесін пысықтады. Қазіргі уақытта ХСБО ЕҚЫҰ-мен бірлесіп осы жұмыстарды іске асыру бойынша одан әрі қадамдарды пысықтауда.

3. Трансшекаралық су ағындары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану туралы конвенцияның хатшылығымен өзара іс-қимыл жасау, жұмыс органдарының (Бюроның, Су ресурстарын ықпалдастыра басқару жөніндегі жұмыс тобының, Мониторинг және бағалау жөніндегі жұмыс тобының, Су және климат жөніндегі нысаналы топтың, Судың, энергия мен азық-түліктің өзара байланысы жөніндегі нысаналы топтың) отырыстарына және Конвенцияны жүзеге асыру шеңберінде ұйымдастырылатын басқа да іс-шараларға қатысу

2022 жылғы қаңтарда Трансшекаралық сулар бойынша конвенция Хатшылығының өкілдерімен жоспарланған кейбір жұмыс кездесулерін Қазақстанда төтенше жағдай енгізу және интернет-қосылыстың тұрақсыз жұмысы себебінен жүзеге асыру мүмкін болмады.

2022 жылғы 20 қаңтарда Сырдария өзенінің авариялық ластануының алдын алу және оған ден қою жөніндегі жобаға қатысты мәселелерді талқылау бойынша БҰҰ ЕЭК қызметкерлерімен онлайн жұмыс кездесуі өтті, атап айтқанда сарапшылармен келісімшарттар жасасу рәсімін аяқтау мерзімдері талқыланды, сондай-ақ қалдық қоймаларының қауіпсіздігін бағалау әдіснамасы туралы мәселелер нақтыланды.

4. Басқа да іс-шаралар

ХСБО кеңсені қаржыландыру бойынша 2023-2025 жылдарға арналған бюджеттік өтінімді жасау үшін ұсыныстар дайындады. Материалдар 20.01.2021 ж. Трансшекаралық өзендер департаментінің электрондық поштасына жіберілді.

5. Қаржыландыру.

Қаңтар айында сұралған жалпы қаржыландыру сомасы **3 345 500** теңге, оның ішінде:

- есептелген еңбекақы төлемі - 2 205 500 теңге

(еңбекақы - *1 990 000*, әлеуметтік салық – *130 000*, әлеуметтік аударымдар – *43 500*, медициналық сақтандыруға аударымдар – *42 000*);

- кеңсені жалға алу - 723 800 теңге;

- қызметтерді жеткізушілерге үшін ақы төлеу – 116 200 теңге;

- үстеме шығыстар – 300 000 теңге - 25.06.2020 ж. № 83 қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қызметтерді басқаруға және ұйымдастыруға жұмсалған "ҚР ХАҚҚ Атқарушы дирекциясы" ҚҚ шығындары.

Қосымшалар:

1) 1 – қосымша – Халықаралық консультанттың техникалық тапсырмасы, 4 б-ке.

2) 2 – қосымша – Жобаның іс-шараларды орындау бойынша жол картасы, 3 б-ке.

3) 3 – қосымша - Жоба бойынша елдік есептердің құрылымы, 3 б-ке.

4) 4 - қосымша - 2022 жылғы 19 қаңтардағы сарапшылардың жұмыс кеңесінің күн тәртібі, , 1 б-ке.

5) 5-қосымша - ұлттық сарапшылардың презентациялар, 38 б-ке

6) 6 - қосымша– «Трансшекаралық контексте су ресурстарын тарату бойынша басшылықты қолдану» аймақтық семинардың тұжырымдамасы, 3 б-ке.

Директор **Б. Бекнияз**